

Н.Д. Жарбосынова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: zharbosynovan@gmail.com

ҚАЗІРГІ ПӘКІСТАНДАҒЫ ПЕНДЖАБИЛЕРДІҢ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ИНСТИТУТТАР

Мақалада Пәкістан қоғамының этникалық құрылымы мен тарихи ерекшелігін ескере отырып пенджабтықтар мысалында этникалық мәселелерді шешудегі мемлекеттік саясаттың рөліне кешенді талдау жасалынады. Бұл процестердің негізінде өзінің территориясы, ана тілі және төл мәдениетінің жеке ерекшеліктері бар егеменді тұрақты қауымдастық ретінде белгілі бір этностың ұлттық болмысты қайта жаңғырту мен түлетуіне деген ұмтылысы жатыр. Пәкістан Ислам Республикасының ұлттық және этникалық азшылықтардың мәдени бірегейлігі мен жергілікті тілді сақтау және дамытумен байланысты қатынастарды реттейтін, бұған қоса, мемлекеттік басқару органдары мен осы мәселелер аясындағы территориялық өзін-өзі басқару бірліктерінің міндеттері мен құзыреттілігін анықтайтын заңнамалық актілері қарастырылады. Пәкістан пенджабилерінің мысалында ресми мемлекеттік институттар мен этникалық топтар арасындағы өзара іс-қимыл процестеріне талдау беріледі. Қазіргі әлемдегі жаһандану процестерінің дамуы этникалық бірегейлік пен этносаралық коммуникация проблемаларын өзектендіреді. Осыған байланысты этносаралық қатынастарды реттеудің пәкістандық тәжірибесін зерделеу этносаралық байланыстар көп арналы және қарқынды сипаттағы полиэтникалық қоғамда ұлттық саясатты жүзеге асыру тәжірибесін талдау тұрғысынан өзекті болып табылады. Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізіне шетелдік авторлардың далалық зерттеулерінің нәтижелері, сондай-ақ отандық және пәкістандық зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды.

Түйін сөздер: пәкістандық пенджабтықтар, ұлттық бірегейлік, азшылықтардың құқықтық мәртебесі, азшылық тілі.

N. Zharbossynova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: zharbosynovan@gmail.com

State institutions and ethnic identity of punjabis in modern Pakistan

The article analyzes the role of state policy in solving ethnic problems on the example of Punjabis, taking into account the ethnic structure and historical specifics of Pakistani society. In this article, the authors discuss the legislative acts of the Islamic Republic of Pakistan, regulating the relations connected with the preservation and development of cultural identity of national and ethnic minorities, the preservation and development of regional language, as well as defining the tasks and competency of public administration bodies and units of local self-government in the area of these questions. Using the example of Pakistani Punjabis, the author analyzes the processes of interaction between official state institutions and ethnic groups. The development of globalization processes in the modern world actualizes the problems of ethnic identity and interethnic communications. On the one hand, the process of globalization is blurring the boundaries between countries and regions. However, it strengthens the public discussion around the issues of national languages, cultures, and mental characteristics. In this regard, the study of the Pakistani experience in the development of interethnic relations seems relevant from the point of view of analyzing the experience of implementing national policy in a multiethnic society, where interethnic contacts are multi-channel and intensive. The theoretical and methodological basis of the study was the results of field studies by foreign authors, as well as the work of domestic and Pakistani researchers.

Key words: pakistani punjabis, national identity, minority legal status, minority language.

Н.Д. Жарбосынова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: zharbosynovan@gmail.com

Государственные институты и этническая идентичность пенджабцев в современном Пакистане

В статье анализируются роли государственной политики в решении этнических проблем на примере пенджабцев с учетом этнической структуры и исторической специфики пакистанского общества. Автор рассматривает законодательные акты Исламской Республики Пакистан, регулирующие отношения, связанные с сохранением и развитием культурной идентичности национальных и этнических меньшинств, сохранением и развитием регионального языка, а также определяющие задачи и компетенцию органов государственного управления и единиц территориального самоуправления в сфере этих вопросов. На примере пакистанских пенджабцев дается анализ процессов взаимодействия между официальными государственными институтами и этническими группами. Развитие процессов глобализации в современном мире актуализирует проблемы этнической идентичности и межэтнических коммуникаций. С одной стороны, процесс глобализации стирает границы между странами и регионами. Но одновременно с этим он усиливает общественную дискуссию вокруг проблематики национальных языков, культур, ментальных особенностей. В этом отношении изучение пакистанского опыта развития межэтнических отношений представляется актуальным с точки зрения анализа опыта осуществления национальной политики в полиэтничном обществе, где межэтнические контакты носят многоканальный и интенсивный характер. Теоретическую и методологическую основу исследования составили результаты полевых исследований зарубежных авторов, а так же работы отечественных и пакистанских исследователей.

Ключевые слова: пакистанские пенджабцы, национальная идентичность, правовой статус меньшинств, язык меньшинств.

Кіріспе

Пәкістан Ислам Республикасы халық саны бойынша әлемдегі бесінші елі (6th Population Housing Census). Пәкістан қоғамының этникалық құрылымының ерекшелігі – полиэтникалық сипатқа ие болуымен қатар, провинцияларда белгілі бір этникалық топтардың көптеп орналасуына тікелей байланысты. Тарихи ерекшелігі – елдің құрылуы діни негізде болса, ал провинциялардың орналасуы этникалық сәйкестілігі негізінде құрылды, тіпті олардың атаулары да дәлел бола алады: Пенджабта негізінен пенджабтықтар, Хайбер-Пахтунхва-пуштундар, Белуджистанда белуджилар және т.б бар. Пәкістан Ислам Республикасы федералды мемлекет болып саналғандықтан, ондағы әртүрлі этникадық топтарға қолданылатын заңдарды зерттегенде, азшылықтарды тану және қорғау туралы конституциялық ережелер мен провинциялар деңгейінде тұжырымдалған басқару құрылымдары арасындағы байланысты қарастыру өте маңызды. Ежелде Британ отаршылдығында болған үнді жері және бүгінде Пәкістан мен Үндістанның арасында бөлінген Пенджаб провинциясының жағдайы бізді қазір Ренанның «үлт» туралы тұжырымын жаңаша түсінуге мәжбүр етеді. Эрнест

Ренан «үлт» ұғымын ұжымдық бірегейлікті қалыптастыратын жеке тұлғалардың ерік – жігеріне негізделген білім ретінде анықтама береді. Оның ойынша «Үлт бұл – жан, рухани принцип. Негізінде бұл екі нәрсе бірін-бірі толықтырып тұрады. Біреуі өткен шаққа тиесілі болса, екіншісі осы шаққа тиесілі. Бірі-естеліктердің бай мұрасына ортақ иелік ету болса, екіншісі – бүгінгі келісімі, бірге өмір сүруге деген ұмтылысы, бөлінбеген түрде алынған мұраның құндылығын сақтауға деген ұмтылысы (Renan, 1990).

Мақаланың мақсаты – пенджабтықтарға қатысты мемлекеттік саясатты талдау. Бұл мәселе үлттың мәдени бірегейлігін сақтау мен нығайтуға байланысты қатынастарды реттейтін Пәкістанның заңнамалық актілерін талдау негізінде қарастырылатын болады. Бұл мәселелер, атап айтқанда, ресми мемлекеттік институттар мен этникалық топтар арасындағы өзара іс-қимыл процестерін зерделеу мысалында қаралатын болады.

Зерттеудің негізгі сұрағы: Пәкістан Ислам Республикасы қазіргі уақытта елде орын алған этникалық процестерді қалай реттеуде? Жүргізіліп жатқан саясаттың себептері мен нәтижелері қандай; бұл пенджабилердің этникалық бірегейлігін сақтауға ықпал ете ме?

Зерттеу гипотезасы – мемлекеттің этникалық процестерді реттеуі Пәкістанның тұтастығын сақтау және оның ыдырауын болдырмау мақсатын көздейді; бұл мақсаттың орындалуы Пәкістан пенджабилерінің этникалық бірегейлігін сақтауда қауіптудырады.

Зерттеу әдіснамасы мен әдістері:

Мәселені зерттеудің әдіснамасы ретінде Э.Ренан «ұлт» теориясы және Б.Андерсонның «ұлтшылдық» теориясы негізінде қарастырылады. Мемлекеттік құрылым – бұл дәстүрге де, қазіргі заманға да жүгінетін және әлеуметтік және мәдени бірлік пен ынтымақтастық идеяларын бірінші орынға қоятын өмірдің белгілі бір бұрынғы үлгілерін өзгерту және жаңаларын дамыту процесі болса, онда дін мәдени дәстүрлер, әлеуметтік институттар мен тәжірибелер тұрғысынан қарастырылуы мүмкін. Осы мақсатқа жету үшін келесі әдістер қолданылды: сапалық жәнсандық әдістері. Сапалық әдісінің негізінде пәкістандық зерттеушілердің (Т.Рахман, Ф.Ахмад) ұлт мәселесіне қатысты еңбектерін қарастырылды. Сонымен қатар, ПИР заңнамалық актілерімен соңғы 2017 жылы жүргізілген ресми санақта қолданылды.

Этникалық процестерді реттеу саласындағы заңнамалық сала

Пәкістан конситутциясы қоғамдағы күрделі құрылымды ескере отырып елдегі азшылықтарды діни негізде анықтау тиімді деп қарастырады (Cons.IRP.1973). Осы негізде исламдағы теңдік анықтамасына сүйене отырып, Пәкістан азаматтарды нәсіліне, этникалық немесе әлеуметтік мәртебесіне қарай кемсітпейді. Пәкістан Ислам Республикасының конституциясында тек діни азшылықтар ғана осындай деп танылады, оның кіріспесінде діни азшылықтарды қорғаудың нақты шаралары және азшылықтар мен басқа да осал топтарды қорғау үшін арнайы шараларды әзірлеу қажеттілігі нақты көрсетілген. Пәкістан Ислам Республикасының конституциясында тек діни азшылықтардың құқықтарын мойындалған, ал этникалық топтардың құқықтары қарастырылмаған (М.Таууаб). Нәтижесінде Пәкістан Ислам Республикасының конституциясы тек діни азшылықтардың құқықтарын мойындайды, этникалық топтардың құқықтары қарастырылмаған. Басқаша айтқанда, елдегі діни бірегейліктің этникалық бірегейліктен басымдығы жоғары. Мұның тұжырымдамалық негізі исламдағы теңдіктің осы анықтамасындағы принципке негізделген

таза діни теологиялық интерпретация болып табылады.

Пенджаби тілі – Пәкістан халқының көпшілігінің ана тілі болып саналады. Пенджаб провинциясы Пәкістанның ең ірі саяси-әкімшілік бірлігі, елдегі халықтың 60%-дан астамын құрайды. Пенджабтықтар – бұл Пәкістан халқының ең көп тобы ғана емес, сонымен қатар елдегі ең ықпалды этнолингвистикалық ерекшелігі бар қауым. Егер пенджабтықтар Ұлттық Ассамблеяда болса (яғни партиялардың бірі Парламентте жеңсе) Пенджаб провинциясы кез-келген партия барлық орындарды алады, содан кейін ол Пәкістанды басқаруға ыңғайлы көпшілікті құрады, себебі Пенджабтағы орындар саны Пәкістанның барлық провинциялары мен әкімшілік аймақтарындағы орындардан асып түседі. Урду тілі Пәкістан Ислам Республикасының ұлттық тілі болып саналады (Cons.IRP. 1973). 2017 жылғы соңғы санақ бойынша этникалық демографиялық көрсеткіштер нәтижесінде урду тіліне қарағанда пенджаби тілінде сөйлейтін адам саны көбірек болды (1-кесте).

1-кесте – Соңғы санақ бойынша Пәкістан тілдерінің жиынтық кестесі

Тілдер	Қолданушылар пайызы
пенджаби	44,15%
пушту	15,42%
синди	14,1%
сарайки	10,53%
урду (мухаджирлер)	7,57%
белуджи	3,57%
басқалары	4,66%.

Дереккөз: Area & Population of Administrative Units (2017). Retrieved on 02 June 2023. from Pakistan Bureau of Statistics website. <https://www.pbs.gov.pk/content/area-population-administrative-units>.

Бұл сандар Пәкістанның лингвистикалық картасында пенджаби тілінің үстемдігі туралы мәлімет береді. Пәкістан Пенджаб провинциясындағы пенджабтықтардың саны 80%-дан атам (R.Tarih 2002). Сонымен бірге төменде көрсетілгендей, пенджаби тілінде сөйлеушілердің пайызы ең жоғары 44,15% болып саналады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары урду тілінің орнына ресми тіл ретінде ағылшын тілі қабылданды. Белгілі бір мерзімде ресми тіл ретінде ағылшын

тілін урду тіліне ауыстыру конституциялық түрде бекітілді. (Конституция, 1973 ж., 251-бап). Осы тұрғыда оны елдегі ресми тіл ретінде лайықты түрде жүзеге асыру үшін белгілі органдар құрылды. Қазіргі таңда ағылшын тілі Пәкістан Ислам Республикасының ресми тілі болып табылады.

Пәкістанның негізгі этностар болып пенджаби, синди, балуж, кашмир, пуштундар, хазарлар сналады. Қазір пәкістандық жерлер ежелден өркениеттердің тоғысқан жері болғанын ескеру қажет. Қоғам осындай полиэтникалық сипатқа ие бола отырып мемлекеттік саясат негізгі қолдауды тек урду тілі мен ағылшын тіліне берді. Мемлекет ағылшын тілінің қолдауымен урду тілінің басымдығын дамуға бағыттаған. Қазіргі таңда осындай саясатты ұстана отырып Пәкістан Ислам Республикасы адам құқықтары туралы шарттарға негізделген он халықаралық ұйымның 7-нің мүшесі: нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы халықаралық конвенция; (HumanRights.Conv1984) Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт; Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт; *Әйелдерге* қатысты кемсітудің барлық *нысандарын жою туралы конвенция* (Human.Rights.Conv.1984). Дегенменде, Пәкістанның 2004 жылдан бері Адам құқықтары жөніндегі ұлттық комиссия құру әрекеті сәтсіз (UN.Treaty.Series). Бұл Пәкістан Ислам Республикасының саясатындағы қарама-қайшылықты, этникалық азшылықтардың мәдени бірегейлігінің сақталуына бейқам қарайтындығын сипаттайды. Осыған қарамастан, Пәкістанның әртүрлі провинцияларында мемлекеттік емес білім беру мекемелері бар. Бұл орталықтар жергілікті тілді үйренуге, тілдің таралуына және сақталуына бағытталған.

Пәкістанда медресеге діни білім беретін жеке мекемелер ретінде анықтама берілді. Бұл мекеме жағдайы төмен отбасылардың тегін білім алу үшін маңызды қызмет атқарады. 2001 жылы Пәкістан үкіметі діни білім беру саласында реформалар жүргізуді қолға алды. Осы арада Пәкістанның діни білім беру кеңесінің қаулысына сәйкес үкімет елдегі барлық медреселерді тіркеу арқылы олардың мүмкіндіктерін кеңейтіп, жаратылыстану пәндерін оқыту сияқты діни емес пәндерді қамтитын кеңірек оқу жоспарын қосуды қолға алды (IRP.Education.Board.Ordinance XI 2001).

Зерттеу нәтижелері және талқылама

Бүгінгі таңда Пәкістандағы пенджаб ұлтының сан ғасырдан бастау алған тарихын мәдениетімен салт-дәстүрін әрі қарай дамыту негізінде жұмыс істеп жатқан ресми институттардың атқаратын рөлі ерекше атап өткен жөн. Солардың бірі 2004 жылы құрылған «Пенджаби тіл, өнер және мәдениет институты». Бұл ресми институт пенджаб тілін қолдау, насихаттау және дамыту үшін және пенджабтықтардың өнері мен мәдени байлығын сақтауға, қорғауға және маңызын арттыруға құрылған. Институттың ведомствалық тиістілігі Пенджаб ақпараттық технологиялар кеңесі (Punjab.Tech.Council) болып табылады. Сонымен бірге бұл осыған қатысты барлық мәселелерге арналған заңды мекеме. «Пенджаби тіл, өнер және мәдениет институты» құрылған күннен бастап өз мақсаттарына қол жеткізуге ықпал еткен іс-шараларды үйлестіріп жүзеге асыруда. Қазіргі таңда FM-95 радиостанциясы, «Пенджаб Рунг», Пенджаб мәдени мұражайы, Пенджаб өнер галереясы, Пенджаб кітапханасы, Пенджаб Цзянсу мәдени орталығы жұмыстар атқаруда.

2002 жылдан бері Пәкістанның Ұлттық мұра және мәдениет департамент қарамағындағы «Халықтық және дәстүрлі мұраға арнаған ұлттық институты Lok Virsa» жұмыс істеп келуде. Зерттеу және баспа орталығы далалық зерттеулер мен ауылдан ауылға танымал дәстүрлердің белсенді жазбаларын жүргізеді. Ол халық ауыз әдебиеті, балалар ойындары, туған күн мен үйлену тойлары және т. б. сияқты халықтық және дәстүрлі мұралардың барлық салаларында түрлі зерттеулер жүргізеді (Lok Virsa 2002). Бұл ұлттық институт дәстүрлі мұраны аймақтық, аудандық және провинциялық деңгейде құжаттауға құқылы. Қазіргі уақытта институттың басқа аймақтарда филиалдары болмағандықтан, тапсырманы аймақтық деңгейде орындау үшін жазушылар, ғалымдар, университеттер, колледждер мен мектептер желісі тартылуда. Осы мақсатта Лок Вирса әр түрлі университеттер мен колледждердің студенттеріне ұлттық мәдениеттің маңызды аспектілері бойынша ғылыми жобалар мен мақалалар тапсырады және тәуелсіз зерттеулерді қаржыландырады. Осы уақытқа дейін Пәкістанның барлық аймақтарын қамтитын Пәкістан фольклоры мен мәдени мұрасының әртүрлі фактілері туралы 200-ден астам кітап шығарылды (PKG research archive). Халық әнде-

рі, ертегілері, романдары, эпос-жырлары, халық поэзиясы, сопылық поэзия, мәдени ақпарат, мәдени анықтамалықтар, шолулар, фольклорлық классика, ауызша дәстүрлер және сирек қайта басып шығару мақсаты болып табылады. Баспа пәкістандықтар арасындағы өзара түсіністік пен тығыз бауырластықты арттыру және мәдени әдебиеттерді мектептерге, колледждерге, университеттерге және әлеуметтанушыларға қолжетімді ету үшін аймақтық фольклорлық әдебиеттерді ұлттық тілде яғни урду тілінде қолжетімді етуге тырысады. Лок Вирса Пәкістан дәстүріне қатысты әдебиеттің мәдени қоймасы. Пәкістанның барлық аймақтық тілдерінде түпнұсқа зерттеу жұмыстары, сондай-ақ аймақтық мәтіннің урду тіліне аудармалары жарияланады.

Пәкістан конституциясының «Тайпалық аумақтар әкімшілігін басқаруға» қатысты бөлімнің 247-ші(а)бабында тек Президент жариялаған заңдар және ол орынды деп санайтын кез келген басқа заңдар FATA (Федералдық басқару тайпаларының аумағы 2010 жылға дейінгі атауы) қатысты болуы керек екендігі нақты көрсетілген (Cons.IRP.1973). FATA-да әдеттегі соттар жұмыс істемейтіндіктен, азамат қандай форумға жүгініп, қорғаныс құралдарын іздей алады деген сұрақ туындайды. Конституцияның 18-ші түзетілуіне сәйкес 2010 жылдан бастап бұл аймақтың атауы Хайбер Пахтухва провинциясы болып өзгертілді (Const.IRP). Конституцияда қамтылған “азшылықтар” термині негізінен этникалық емес, діни азшылықтарды білдіреді, және тілдік топтарды көптеген адамдар одан әрі нығайтады деген дәлел Конституциялық осы мәселе бойынша ережелер, сондай-ақ Парламенттегі орындарды арнайы бөлу деп түсіндіріледі. Пәкістан Ислам Республикасының конституциясында теңдік және кемсітпеу туралы үш бап бар. Онда заң алдындағы теңдіктің негізгі құқығы, заңның тең қорғалуы, қоғамдық орындарда кемсітпеу және қызмет көрсету саласындағы кемсітушілікке қарсы заң баптары кіреді. Бұл конституцияда Пәкістандағы этникалық азшылықтардың құқықтарын қорғау үшін берік негіз бола алады (Cons.IRP.1973).

Конституцияның 28-бабында белгілі бір “тіл, жазу немесе мәдениеті” бар қауымдастықта өз тілін, мәдениетін сақтауға құқылы деп танылады. Ең алдымен, осы баптың негізінде Пәкістандағы этникалық азшылықтардың құқықтарын қорғауға болады. Сонымен қатар, 28-бап Негізгі құқықтар тарауындағы сияқты Пәкістандағы этникалық азшылықтарға қатысты Конституцияның жалғыз заңды жауапкер-

шілігі болып табылады. Алайда, бұл бөлімнің ережелері көптеген жолдармен бұрмаланған, өйткені олар урду тіліне ұлттық тіл мәртебесін беретін 251-баптың ережелеріне бағынады. Урду мемлекеттегі ресми тіл болып қала береді, бұл халықтың басым көпшілігіне қолайсыз жағдай тудырды. Себебі елдегі төрт провинцияның тек біреуінде Синд провинциясында ғана этникалық топ толыққанды өзінің ана тілінде білім алып, медиа мәдениет саласында үздіксіз дами алады. Ал, адам саны ең көп шоғырланған Пенджаб провинциясы мен Федералдық басқару тайпаларының аймақтарында жергілікті халық өз ана тілдерінде білім алып мәдени дамуға мүмкіндіктері жоқ (Punjab Encyclopedia). Пәкістан ұлттарының интеграциясындағы басты кедергілердің бірі – тіл мәселесі. Алдымен тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекет бұл мәселеге селсоқ қарады. Пәкістанның құрылуы кезінде урду халықтың тек 7 пайызы үшін ана тілі болды (негізінен Солтүстік Үндістаннан келген иммигранттар үшін) (T.Rahman 2010). Соңғы бес-он жылдықта урду лингва-франк мәртебесіне ие болғанын мойындау керек, ол елде кеңінен қолданысқа ие, бірақ бұл тілдің бастапқыда адамдарға таңылған жасанды тәсілі болды. Урду тілі қарым-қатынас тәсілі әртүрлі, мәдени бірегейлігі мүлде басқа этникалық топтардың өкілдері үшін қиындықтар туғызды. Нәтижесінде елдегі урду тілінде сөйлейтіндер қатары әділетсіз артықшылыққа ие болуымен қатар, оңай және сенімді қарым-қатынас жасай алу мүмкіндігі бар, сауатты қоғамды құрды. Мемлекеттің Пенджаб провинциясындағы этникалық процестерді реттеуде негізгі басымдылықты жалпы ұлттық саясатқа беретіні, жергілікті тұрғындардың мәдени дамуына толық мүмкіндік қарастырылмағанын көреміз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Отандық тарихнама шеңберінде жеке Пәкістанның этникалық қатынастар мен олардың мемлекеттілік тұрғысынан маңыздылығы жайлы жазылған еңбектер жоқтың қасы. Дегенмен тақырыпқа қатысты «Оңтүстік Азиядағы дін және саясат» атты Л.Г. Ерекешеваның еңбегін атап өте аламыз. Автордың бұл еңбегінде Оңтүстік Азиядағы дін мен саясаттың өзара үйлесімділігі және қақтығыстардың шығуы түрткісіне талдау беріледі. Британдық Үндістандағы үнді-мұсылман мәселелерінің түп тамырларын салыстыра отырып, буржуазиялық дамудың әр тектілігімен ерекшелінетін отаршыл көпконфессиялы ел

жағдайында бұрындары да, байқалмаған қауым аралық қайшылықтар коммунистік мәселеге айналатынын баяндаған. (Ерекешева, 2005). Бұл зерттеуде Пәкістанның ішкі ру-тайпалық құрылымының ара жігін ажыратуға және сол елге барған сапардағы сыртқы бақылаушы көзқарасты тұжырымдауға негіз қалыптастыруға тырыстық. Себебі, Пәкістанның дәстүрлі бөліктерінде қоғамдық ұйым Үндістанда қолданылатын касталық жүйенің айналасында емес, туыстық қатынастардың айналасында шоғырланғаны байқалады.

Британдық әлеуметтанушы Энтони Д.Смит пікірінше «модерн ұлт» іс жүзінде, көне этниктердің кей тұстарын сіңірген және ол «модерн дәуірге» дейін бірнеше аймақта өмір сүрген жалпы этностық модельден көшірілгенімен, идеология және қозғалыс түріндегі национализмді нағыз модерн құбылыс болып табылады. Автор өз еңбегінде элиталардың ұлт құру стратегиясын жүзеге асыруда халықты манипуляциялап жұмылдыруына келтірер кедергісін зерттей келе, дін мен этностың астауының үш аспектісін атап көрсеткен. «Біріншісі – этностың шығу тегі туралы миф пен оларды Құдайдың жаратқаны және ғаламдағы орны жайлы діни сенім арасындағы байланыс болса, екіншісі діни бөлшектенудің белең алуының нәтижесінде пайда болған құбылыс. Оған мысал ретінде сикх қауымы діни ыдыраудан соң пайда болғанын көруге болады. Үшіншіден, этностың мифтері мен символдарын таратуда ұйымдасқан дін адамдары мен коммуникация арналары елеулі рөл атқарады. Діндарлар мен көшірмешілер бұл аңыздар мен наным-сенімді таспаға түсіріп айтып, таратып қана қоймай, символизмнің басты қорғаны – феодалдар мен империя элитасын қалың бұқара шаруаларымен, азық өндірушілермен және олардың «шағын дәстүрлерімен» жалғаушы рөлін атқарды» Осы тұжырымның негізінде қазіргі Пәкістандағы этностардың қаншалықты әртүрлі, әрі күрделі құбылыс нәтижесінде пайда болғанын көре аламыз. Британдық саясаттанушы және әлеуметтанушы Б. Андерсон ұлттың келесі анықтамасын ұсынады: «бұл ойдан шығарылған саяси қауымдастық және ол сөзсіз шектелген, сонымен бірге егеменді ел ретінде елестетілді» (А.Смит, 1986). Ұлтқа ойдан шығарылған қауымдастық деген сипаттама бере отырып, автор ұлт мүшелерінің тұтастық бейнесі олардың санасында өмір сүретінін баяндайды. Ұлттың бар болуы кез келген халықтың өз шекарасының болуымен және өзін бүкіл адамзатқа сай елестетуімен айқындалады.

Пәкістан әлем картасында пайда болғаннан бері елдегі халықтар арасында этникалық және тілдік айырмашылықтар негізгі мәселелердің бірі болды. Пәкістандық тарихнама шеңберінде елдегі этникалық қатынастар мен олардың мемлекеттілік тұрғысынан маңыздылығы жайлы еңбектер жетерлік. Пәкістандық тарихшы Тарих Рахманның еңбегінде де Пәкістандағы провинциялар арасындағы этникалық қақтығыстардың таралуының негізі себебі касталық жүйе екенін атап көрсетеді. (Т.Рахман 1996) «Пенджаби қозғалысы – кейбір пенджаби зиялыларының урду және ағылшын тілдерінің орнына билік саласында пенджаби тілін қолдануды кеңейтуге деген ұмтылысы. Бұл Пәкістан пайда болғаннан кейін көп ұзамай пайда болған, бірақ ешқашан популистік немесе ықпалды болмайтын қалалық құбылыс. Алайда, қозғалыс белсенділері пенджаби тілінде кейбір заманауи терминологиялардың пайда болуына себепкер болды». Пәкістан жағдайындағы ұлттық интеграция жалпыға ортақ этникалық немесе ұлттық бірегейлікті құра алмайды. Т. Рахманның пікірібұл тек ортақ азаматтық, ортақ саяси және әлеуметтік құрылымдарды, ортақ мемлекетті және бірегейліктің, бір-біріне тиесілі болудың қосымша сезімін құруды білдіруі мүмкін деген ойды білдіреді. Дегенмен, бұл зерттеуде Пәкістанның бір тіл саясаты, ескі жасанды жаңа сәйкестікті алмастырудың орнына, оныңүстіне қауымдастық құрған құбылысты көрсетеді.

Лахор қаласында орналасқан «Пенджаби Кходж Гарх» зерттеу орталығы 2001 жылдан бері пенджабтықтардың мәдениетінің сақталуы мен насихатталуына жұмыс жасап жатқан қоғамдық мекемелердің бірі. Бұл – Пәкістан жеріндегі пенджабтықтардың тарихын, мәдениетін, әдебиетін, музыкасы мен өнерін зерттеу, жариялау және насихаттау орталығы болып табылады. Орталық директоры Икбал Кайсер соңғы 20 жылда институтта түрлі жұмыстар атқарып келуде. Сонымен қатар орталыққа Punjabi Khoj Garh Trust және орталықтың мазмұны бойынша жұмыс істеуге ерікті тұлғалар қолдау көрсетеді (PIL Act XXI of 2004). Пенджаб провинциясында халық урду тілі мен қатар екі негізгі пенджаби және сарайки тілін қолданады. Дегенмен, урду және ағылшын тілі мектептерде оқыту құралы болып табылады, сәйкесінше халықпенджаби мен сарайки тілдерін тек санаулы жекеменшік мекемелерде немесе арнайы орталықтарда үйрене алады. Бұл жекеменшік мекемелер мен орталықтарға сарайки және пенджаби тілін қолдайтын ерікті жандардың көңілі толмай-

тындығын ашық түрде айтылады. Оған мысал ретінде зерттеу барысында алынған жартылай тереңдетілген интервью нәтижелері дәлел бола алады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында 2023 жылғы сәуір айында Пәкістанда өткен тағылымдама барысында алынған жартылай тереңдетілген интервьюде Иқбал Қайсер мырза *«Пенжабтықтар Пәкістандағы ең көп ұлт болып табылады. Пенджабтардың өз ана тіліне құқығы жоқ. Біздің ата-балаларымыз мектепте өз ана тілін пенджаб тілін оқи алмайды. Үкімет рұқсат бермейді, балаларымыз мектепте өз тілінде сөйлей алмайды, бұл қорланған тіл. Бізге қиянат жасалды деп санаймын. Қалай болғанда да, бұл Пенджабта гана, басқа провинциялар бізді өз тілі мен мәдениеті үшін көтерілмейсіндер, сендер тек өз тілдерің мен салт-дәстүр, мәдениеттерің үшін көтеріліске шықсандар гана сендерге құқық беріледі деп қорлайтыны рас. Егер біз өз ана тілімізді үйренбесек, болашақ ұрпағымыз қандай болады? Біріккен Ұлттар Ұйымының заңына сәйкес, бала бес жасқа толғанға дейін ана тілінде білім алуы керек. Осыдан кейін әлемнің кез-келген тілін үйрену қиын емес. Бізде бұл іргелі Құқық жоқ, біз бұл туралы айтып отырмыз. Урду деп аталатын нәрсені үкімет бақылайды. Мәжбүрлеп, ағылшын тілін үйреткендей, барлық тілді оқыт, ешкіммен араздығымыз жоқ, енді қытай тілін үйрете бастаймыз, мәселе жоқ, бірақ мәселе бізге өз ана тілімізді оқуға құқық беруде. Ол құқықты бізге бермеді. Неге бермейді? Біздің мекеменің қолында үлкен күш болғандықтан құқық бермейді. Екіншіден бір тіл саясаты, неге бір тіл, мұнда Форт-Уильям колледжі салынғанын білеміз. Ол жерде хинди тіліне араб жазуы беріліп, бөлек тіл жасалды, урду тілі де солай істеді. Содан кейін урду тілі Үндістандағы адамдардың діни тілі деп насихатталды. Бұл діни тіл емес, діни тіліміз араб тілі, діни тіліміз араб тілі болғанда, урду тілі неге таңылып жатыр? Екіншіден ағылшын тілі бізге халықаралық тіл ретінде таңылып жатыр, қытай тілі әлемде тірі емес пе? Жапон тілі тірі емес пе? Корей тілі тірі емес пе? Оқыған соң өз тіліңді оқытындай тілің тірі емес пе? Ана тілін оқи алмайды. Мәселе мынада, пәкістандықтар бізге осындай үлкен әділетсіздік жасады. Билік өз қолында ұстап тұру үшін бізге қысым жасауда және бұл біздің конституциямыздағы қысым, бұл дұрыс емес»* деген пікірімен бөлісті. Иқбал Қайсер мырзаның пайымдауынша, Пәкістандағы қазіргі британдық заңға енгізген түзетулер-

ге қарсы және бұл қолдануға тұрарлық керек реформа емес, ол көптеген қайыршылықтарға алып келді. Себебі Пенджаб провинциясындағы бейресми институттардың уақыт өте келе белгілі бір деңгейде өз маңыздылығын жоғалтуы, жергілікті халықтың ұлт ретінде бірегейлігін сақтар қалуына кедергі келтіреді деген уайымда. Бұған дәлел ретінде Пәкістанның 2020 жылы ұсынған бірыңғай ұлттық оқу бағдарламасы ұлттық азшылық тілдерін қолдануға кедергі екенін атап өтеміз (PunjabEdu.Sector). Федералдық білім және кәсіптік оқыту министрлігі ұсынған бағдарламада тек ағылшын және урду тілдерін оқытуға нақты сілтемелер берілген. Онда «әлеуметтік келісім және ұлттық интеграция» барлық балалар үшін жоғары сапалы білім алу үшін әділ және тең мүмкіндікпен бірге негізгі мақсаттар болып табылады делінген. Багри, аэр, дхатки, давуди, балти, шина және басқалары сияқты шағын тілдер оқу құралы ретінде айтылмайды немесе ұсынылмайды. Мемлекет кейбір тілдерді оқу құралы ретінде пайдалану үшін жеткілікті дамымаған зерттелмегенін алға тартады. Білім беру бағдарламасының бұл жаңа ұсынысы идеологиялық дискурстың тіл саясатын қалай анықтайтынын және тіл саясатын оқыту құралы ретінде қалай пайдалануға болатынын көрсетеді.

Қорытынды

Қазіргі Пәкістандағы этникалық негіз моделі Пенджаб провинциясындағы этникалық процестерді реттеуде үлкен мәселе туғызатындығын көреміз. Пәкістан тәуелсіздігінен кейін өз аумағында қажетті мәжбүрлеу және алымсалық жинауға монополия орната алғанымен, тіпті орталықтанған, дербес әрі көпсалалы мемлекеттік институттар басқа бәсекелес билік түрлерінің барлығын басып тастап, тұрғындар қатысушы азамат құқығына ие болса да, ол халықтың біртекті ұлтқа айналуының қиын екендігі белгілі болды. Қазіргі таңда Пәкістандағы этникалық топтардың құқық мәселесі әр аймақта әртүрлі сипатқа ие. Екіншіден, азаматтық қоғамның ұстанымына, соның ішінде, этно-мәдени бірлестіктер мен басқа да үкіметтік емес ұйымдар қызметіне және жеке тұлғалардың ынтасына, азаматтық патриоттық сезімдері мен ұстанымдарына да көп дүние байланысты. Сондықтан біз «пәкістандық модельді» әбден қалыптасқан кемшіліксіз саясат деп кесіп айта алмаймыз. Этносаралық бірлікті сақтау саясаты ұдайы жетіліп отырады. Құқықтық, білім

беру, медициналық және әкімшілік салалардағы бұл мысалдар Пәкістандағы жергілікті тілдерге іс жүзінде орын жоқ екенін көрсетеді. Пәкістан білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізуді қарастыруда және урду тіліне провинцияларда ана тілін оқытумен қатар ресми тіл мәртебесін беруге күш салынууда. Бірінші қадам-барлық жергілікті тілдердің атауларын бірыңғай үкіметтік құжатқа енгізу болса, келесі қадам-міндетті пәндер ретінде урду және ағылшын тілдерімен қатар бастапқы деңгейде ана

тілінде оқытуды енгізу. Заңдарды өзгерту үшін уақыт қажет екені белгілі.

Қаржыландыру

Бұл мақала ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен АР14871064 «Оңтүстік Азиядағы ұлттық мемлекет құрудың этникалық, этноконфессиялық дискурсы (Ауғанстан, Үндістан, Пәкістан)» жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер

- Akhtar, Rai Shakeel. (2000) *Media, religion and Politics in Pakistan*. London: Oxford University Press, 255 p.
- Alshu, Malhotra. (2002) *Gender, Caste, and Religious Identities: Restructuring Class in Colonial Punjab*. New Delhi: Oxford University Press, 231 p.
- Ahmad, Fraz. (1988) *Ethnicity and Politics in Pakistan*. Delhi: Oxford University Press, 316 p.
- Anthony D. Smith (1986) *The ethnic origins of nations*. Malden: Wiley-Blackwell, 312 p.
- Britannica, The Editors of Encyclopaedia. "Punjab". *Encyclopedia Britannica*, retrived on 30 Apr. 2023, from <<https://www.britannica.com/place/Punjab-province-Pakistan>>.
- B. Dam. (2022) *Looking for the Enemy: Mullah Omar and the Unknown Taliban*. Lahore: Vanguard books, 352 p.
- Chatterjee. (1993) *Partha The Nation and Its Fragments. Colonial and Postcolonial Histories*. Princeton, New Jersey: Princeton University Press, 273 p.
- Chapter IV. Human Rights. *Convention against Torture and Other Cruel, Inhuman or Degrading Treatment or Punishment*. New York, 10 December 1984.
- Constitution of the Islamic Republic of Pakistan // the National Assembly of Pakistan website. Retrived on 07 August 2023. from <http://www.na.gov.pk/uploads/documents>
- Constitution of the Islamic Republic of Pakistan (25th Amendment incorporated) As amended upto the 31st May, 2018 // the National Assembly of Pakistan website. Retived on 07 August 2023. from <http://www.na.gov.pk/uploads/documents/1549886415_632.pdf>.
- Das J., Pandey P., Zajonc T. (2006) *Learning levels and gaps in Pakistan* (World Bank Policy Research Working Paper No. 4067). Open Knowledge Repository beta, Available on <https://openknowledge.worldbank.org/handle/10986/8866>. Retrived on 22 September 2023.
- G. Henry. (1993) *The Punjab Chiefs Vol-i*. Lahore: Sang-e-Meel Publications 1344 p.
- Government of the Punjab. Punjab Province Education Sector Plan (PESP) 2019/20 – 2023/24 Available at <https://www.globalpartnership.org/content/education-sector-plan-2019-2024-punjab-province-pakistan>. Retrieved on 20 September 2023.
- Punjabi KhojGarh research archive. Introduction Punjabi KhojGarh, Retrieved on 10 July 2023, from <https://punjabikhogjarh.org/>.
- Mussarat J, Sargodha A and Khairpur Z. (2010) Language Controversy: Impacts on National Politics and Secession of East Pakistan. *A Research Journal of South Asian Studies* Vol. 25, No. 1, January-June, pp.99-124.
- Mansoor, Sabiha. (2004) The status and role of regional languages in higher education in Pakistan. *Journal of Multilingual and Multicultural Development*, Vol. 25(4), 333–353. Taylor & Francis Online. Rtrived on 20th September from <https://doi.org/10.1080/01434630408666536>.
- National Institute of folk and traditional heritage (Lok Virsa) 2002. Retrieved on 20 July, 2023. from <https://www.pakistancode.gov.pk/>
- Pakistan Bureau of Statistics. Government of Pakistan. 6th Population and Housing Census. Retrieved on 13 September 2023 from <http://www.pbscensus.gov.pk>.
- Punjab Information Technology Council Available at <https://pnd.punjab.gov.pk/> Retrieved on 19 September 2023)
- Protection of minorities part II. The Costitution off Islamic Republic of Pakistan // the National Assembly of Pakistan. Retrieved on 07 August 2023. from http://www.na.gov.pk/uploads/documents/1549886415_632.pdf
- Tariq, Rahman. (2010) *Language Polycy, Identity, and Religion: Aspects of the Civilization of the Muslims of Pakistan and North India*. Islamabad: Quaid-i-Azam University, 2010. 329 p.
- Tariq, Rahman. (2002) *A History of Language-learning among the Muslims of South Asia*. London: Oxford University Press, 320 p.
- Tayyab, Mahmood. (1995) *Freedom of Religion & Religious Minorities in Pakistan: A Study of Judicial Practice*, Fordham, 40p. Available at: <https://ir.lawnet.fordham.edu/ilj/vol19/iss1/5>. Retrieved on 20 September 2023.
- The Pakistan madrasah education board ordinance, 2001 ordinance. XL of 2001. Retrieved on 08 August, 2023, from <https://www.pakistancode.gov.pk/>

The Punjab Institute of language, art and culture Act 2004 (Act XXI of 2004) Retrieved on 18 July 2023. From Punjab Laws online <http://punjablaws.gov.pk/laws/474.html>

United Nations, Treaty Series , vol. 1465, p. 85. Retrieved on 08 August, 2023, from <https://treaties.un.org/>

Saadullah,Burg. (2018) PashyoonAurNasliyat-e-Hindukash. Lahore: Sanjh Publications, 544 p.

Syed,Quddus. (1987) The Pathans. Lahore: Ferozsons publications 342 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Жарбосынова Назерке Дәуірқызы – шығыстану магистрі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан, Алматы қ., эл.почта: zharbosynovan@gmail.com);

Information about authors:

Zharbossynova Nazerke – master of Oriental Studies, al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: zharbosynovan@gmail.com).

Келін түсті: 10 қаңтар 2024 жыл

Қабылданды: 27 тамыз 2024 жыл